

ШЫҒЫС № 13-01-67
14 01 2025

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА


Т. Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге 2025 жылдың 24 қаңтар күні аудандық білім бөлімінің базасында аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін «**Заңды сақтау-азаматтық борыш**» атты сурет байқауы ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер мен жұмыстарды №1 қосымшаға сәйкес білім бөліміне 2025 жылдың 23 қаңтарына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.


Қосымша: 2 парақта.

Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел.: 2-14-10



**Аудандық «Заң және тәртіп» айлығы аясында өткізілетін «Заңды сақтау-азаматтық борыш» сурет байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ереже

Аудандық «Заң және тәртіп» айлығының іс-шаралар жоспарының негізінде «Заңды сақтау-азаматтық борыш» сурет байқауы (бұдан әрі-Байқау) өткізіледі.

Байқаудың мақсаты:

«Заң және тәртіп» құндылықтарын дәріптеу, оқушылардың заң талаптарын түсінуін және құOMETTEУІН қалыптастыру, құқықтық мәдениетін арттыру, сондай-ақ, бұзушылықтың алдын алу, балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Байқаудың міндеттері:

- Балалардың жеке тұлғалық, шығармашылық әлеуетін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау.

- Заңды құрметтеу мен сақтау маңыздылығын насихаттау.

- Құндылықтар арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Байқауды ұйымдастырушы:

- Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы;

- Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі;

- Байқау жұмыстарын бағалайтын қазылар алқасының құрамын анықтайды;

- Байқауға қатысушылардың жұмыстарын бағалайды;

- Байқау қорытындысын шығарады.

Байқау шарттары

Байқауға 8-14 жас аралығындағы оқушылар қатыса алады.

Форматы: А3 қағазы

Техникасы: қолмен салынған сурет (*гуашь, акварель, түрлі-түсті қарындаштар, т.б.*). Цифрлық суреттер қабылданбайды.

Бағалау критерийлері

Байқау жұмысының тақырыпқа сәйкес келуі.

Шығармашылық тәсіл.

Орындалу сапасы.

Сурет стилінің ерекшелігі.

Жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына автордың өзі (жетекшісі) жауапты.

Қатысушы байқауға жіберген жұмыстарын автоматты түрде ұйымдастырушыларға қолдануға құқық береді. (интернет желісіне, телебағдарламаларға жариялау және т.б.).

Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі:

Аудандық байқау 2025 жылдың 24 қаңтар күні өткізіледі.

Аудандық кезеңінің жеңімпаздарының жұмыстары мен өтінімді 2025 жылдың 23 қаңтар күніне дейін abb_gauharjan@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

Қорытынды кезеңінде байқаудың қазылар алқасы үздік деп танылған қатысушылар мен жетекшілеріне I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

Байқауға қатысу туралы өтінім

Мектептің атауы	Қатысушының толық аты-жөні	Жасы	Жетекшісінің толық аты-жөні	Байланыс телефоны
		8-10 жас		
		11-14 жас		

Анықтама үшін: 8 708 715 73 81